



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

2. ӨлімовА., «Интербелсенді әдістерді сабақта қолдану», Астана, 2015.
3. ӨлімовА., «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану», Астана, 2015.
- 4.ВалиеваМ., Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2002.
- 5.ӨстемировК., Оқыту құралдарын пайдалану негіздері. Алматы, 2002

ӨОЖ 372. 41

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Капышева Гульшат Сайрановна
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің М. Дулатұлы атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
aisultan30092016@yandex. kz

Аңдампа

Бұл мақаламда оқулықтың мазмұнының білім саласындағы тиімділігі мен ерекшеліктері айтылған. Жаңартылған оқу бағдарламасының оқулық мазмұнына жүйеленгендігі атап өтілген.

***Түйінді сөздер:** құзіреттілік, бала тәрбиесі, жаңартылған білім.*

Аннотация

В данной статье изложены особенности и эффективность содержания учебника в области образования.

Отмечена систематизация обновленной учебной программы содержания учебника.

***Ключевые слова:** компетентность, детское образование, обновленное образование.*

Abstract

This article describes the features and effectiveness of the content of the textbook in the field of education. The systematization of the updated curriculum on the content of the textbook is noted.

***Key words:** competence, children's education, updated education.*

Мына дамыған тәуелсіз ел үшін – ең алдымен сапалы білім қажет. ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің 50 елінің қатарына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Ал ұрпақ тәрбиесінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Оған дәлел Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, керікетуі тезірек» – деген сөзі дәлел.

Осы тұрғыда жалпы білім беру жүйесін ізгілендіру қажеттілігі, қазіргі таңда рухани – адамгершілік тәрбие беру өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Жаһандану уақытында тәрбие беру, ұлттық және рухани негізде үйлестіре жүргізуді қажет етеді. Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – азаматтың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, оның азаматтық борышы. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешіліп отыр. Қазіргі таңдағы ағымда оңай болып отырған жоқ. Біз қайда бара жатырмыз, қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз, алдымызда не күтіп тұр деген сұрақ әрбір ата-ананың, әрбір педагогтың көкейінде тұр.

Жеке тұлғаның рухани – адамгершілігін дамыта тәрбиелеу баланың мектеп табалдырығын аттаған сәтінен бастап жүзеге асырылса, онда қоғамның әлеуметтік қажеттігін өтейтін рухани бай тұлға қалыптасуына ықпал етеді. Халықта «Ағаш тұзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен ұстаздар маңызды роль атқарады.

Адам бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыруды ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеп, оның әдістемесін жасау мақсатын туғызды. Егер сабақтарда берілетін білімнің мазмұны мен әдіс – тәсілдері оқушының өзін – өзі әрекетінің субъектісі ретінде тануына мүмкіндік туғыза отырып, оның жан – жақты дамуына бағдарланса, онда бастауыш сыныптан бастап,

жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жүзеге асады. Ал қазіргі таңда жаңа бағдарламаға құрылған әр бір оқулықтың мазмұны тұнып тұрған рухани адамгершілік. Кез келген тақырыппен ұштастырып біздің сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары – үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде.

Алғашқы ұстазымыз ұлы даланың қыран дауысты дарабозы, ілім-білімнің қазынасы, ұлтының тілеуқоры Ыбырай Алтынсарин әдеби-мәдени, тарихи, ғылыми дәрежесі жоғары «Қазақ хрестоматиясын» (Орынбор, 1879, 111 бет) құрастырды. Ол «халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына», «пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға», «біздің әрқайсысымыздың да борышымыз екенін» жете, жетік ұғына отырып, жанқиярлықпен қызмет етуіміз дұрыс дейді.

Сахара еліндегі білім беру жүйесі тарихындағы атақты хрестоматияда елтану, жаратылыстану, ел басқару өнегесі, жер тану, шешендіктану, шежіретану, дүниетану, тұлғатану, кәсіпшілік, өнер-білім, ұлттық тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайында тапқырлыққа, тұспал-ишаратқа, даналыққа, ізгілікке, ұлттық рухқа құрылған мейлінше жинақы, мағыналы, қызықты тәмсілдер мен мысал әңгімелер жинақталған.

Ыбырай Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер – санаткері, халық қызметшісі. Ұлы даланың шартарабында саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза көусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық жырлары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді. Ыбырай Алтынсарин бабамыздың «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – дегендей, келешек азаматтың дұрыс жол таңдауы үшін, өздігінен саналы әрекет жасау үшін тал бесіктегі тәрбиенің орны ерекше екендігін айта кеткен абзал.

Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» дейтін төлтума әңгімесінің көркемдік-пәлсапалық қырлары не деген бай, байтақ. Үш жолаушы бұлақ басында «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» дейтін жазудың шынайы мағынасын үш түрлі деңгейде түсіндіреді:

1) Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін.

2) кім-кімге де болса даяр, рақаттандырады, сусынын қандырады, ақы дәмәтпейді, біреуге жақсылық істесең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені-ау.

3) бұлаққа қарасаң, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көресің, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін.

Адамның жасағанын, істегенін екінші адам да жасайды. Табиғат адам баласына мол мүмкіндік, қабілет берген. Есті болу – мүмкіндіктеріңді жұмсай білу.

Таза бұлақ әңгімесінде қазіргі таңда оқушыларымызды тынбай еңбек етуге, ешуақытта тоқтамай алға жүруге, әрдайым жақсылық жасауға ол әрекет қолыңнан келмесе зияныңды тигізбеуге әрекетке шақыруға таптырмас әңгіме, біз үшін мұра.

Ыбырай Алтынсариннің қай әңгімесін оқысаңыз да мазмұн, идея, тіл, стиль, ойшылдық жағынан мінсіз. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің шарттылықтары сақталынған. Жыраудың яки бидің тіліндей жұтынып тұр. Айталық, «Қара батыр» ертегісі бастан-аяқ тал жібектей өрілген, күйдей күмбірлеп төгілген жыр іспетті.

Тағы да айта кететін жайт тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметті, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім – біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс – әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, еліміздің болашағы- жас ұрпақты оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын күзиреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындай, оны мектеп тәжірибесінде оқулықтың тақырыптарында қарастырылғандығында. Ең қарапайым тақырыптардың бірі бірақ кеңінен таралып жатқан мәселелердің бірі ол біздің «Су».

Біздің күнделікті тұрмысымыздағы су деген не және бұл қазынаның «бағасы» қанша? 1 шыны аяқ кофе үшін қанша су жұмсалатынын білесіз бе?

Шешімін тауып көрейік оқушылар талқыласып өз шешімдерін айтады. , дұрыс жауапты айтады. (жауабы берілген слайд көрсетіледі)

1 шыны аяқ кофе үшін 140 литр су қажет Алдымен кофені өсіру қажет.

1 кг қағаз үшін 700 литр су қажет болады.

1 кг сиыр еті дайындау үшін 15000 литр су қажет болады.

«Суды» қорғаушылар сабағының өзектілігі.

Оқушылар арасында суға деген жауапкершілік қатынасты тәрбиелеу – ТМД мемлекеттері сияқты бүкіл әлем үшін де өзекті мәселе Планетамыздағы ауыз су қорлары қатаң шектелген. Бұл

ретте соңғы 100 жыл ішінде Жер шары халқы 3 есеге көбейген, ал ауыз суды пайдалану – 7 есе, оның ішінде коммуналдық қажеттерге -13 есе өскен екендігін осы тақырып бойынша қозғалды. Оқушылар бұл мәселені белсенді іздеу барысында көптеген мәліметтерге қанық болды. Қорытындысында суды үнемдеу оның қадірін білу керектігін түсінді.

Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсатында көзделгенде ғана оқушылардың пәндік функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады, есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым – қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады. Сабақта әрбір өтілген мәтінді өмірмен байланыстырып, өз туған өлкемен, өз ауылының халқымен, тұрмыс жағдайларымен байланыстырып өту, баланың қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді. Ол үшін күнделікті оқыту үрдісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық ақпараттық материалдың бала өмірінде кездестірілген түрлі проблемалық маңызы ескерілуі тиіс. Бұл мақалада тек оқулық мазмұнының рухани қазынасы мен функционалдық сауаттылығына тоқталып өттім.

Ұсыныс

-Жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарламаларға жаңа тақырыптарға көбірек сағат санын бөлінсе;

-тақырыпты қарастырғанда жас деңгейіне көңіл бөлінсе;

-оқулықтағы мақсатқа сай емес тапсырмалардың арттықтығы;

- оқулық тақырыптары бағдарламамен (математика оқулығы) жүйелендірілсе;

Қорыта айтқанда, Ыбырай атамның ойшыл ұстаздың тізбек-тізбек жөңкілген замана көшінде көнермейтін, ескірмейтін ұлы, қуатты идеялары елдің, мемлекеттің, халықтың көркеюіне мәңгілік мағына дарытары сөзсіз. Олар:

«Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы: тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды».

Ұстазымыздың аудиториямен байланысы хақында мынадай тұжырымды пайымдауларды өз ұстаздық жолымда қолдануға тырысамын: «оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет», «балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек»

Ұлы ұстаз атамның Ыбырайдың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды.

Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасындағы бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен.

Осы әңгімелерді мұғалімдер мен ата-аналар балаларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында оқу үрдісінде, сынып сағаттарында, таңдаулы сабақтарда пайдалануға болады. Ұлы ағартушымыз артына қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де, өз маңызын жойған емес. Жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуы тиіс деп ойлаймын.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған Ыбырай атамның шығармалары қазіргі бағдарламалаға кеңінен енгізілсе, себебі баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыруда зор үлесі бар. Атамның әрбір әңгімесі, шығармасы өмірмен тығыз байланыста. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетіне асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқубағдарламасы аясында тек өзпәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді. » Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», – деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы МАН /Екінші Басылым/ 2015ж.
2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Мұғалімдердің Біліктілігін Арттыру Бағдарламасы /Екінші Басылым/ 2015 ж.
3. Мұғалімге Арналған Нұсқаулық Бірінші (Ілгері) Деңгей /Екінші Басылым/ 2014 ж.
4. Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ғ. Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау басшылығы Астана 2016
5. Елбасы Н. Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017ж.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
7. Жаңартылған білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары мазмұнында «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының жүзеге асырылуы
8. Қабдиева С. Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері. Бастауыш мектеп, №2, 2005.
9. Сламбекова Т. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат. Бастауыш мектеп, №2, 2004.

УДК 37.08

РОЛЬ И МИССИЯ УЧИТЕЛЯ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Карабаев Серик Дусембиевич
маг. прав., учитель истории
КГУ «Школа-гимназия №3 отдела образования города Костаная»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан
ksd_09101987@mail.ru

Аннотация

Особенностью педагогической деятельности является то, что одним из средств и условий ее функционирования выступает личность самого педагога как активного автора содержания передаваемых ученику знаний. Современный учитель – ключевая фигура на пути духовной модернизации, так как именно он способствует формированию основных гражданских компетенций и воспитанию патриотизма.

Ключевые слова: педагогическая деятельность, миссия учителя, образовательный процесс, современный учитель.

Аңдатпа

Педагогикалық қызметтің ерекшелігі-оның жұмыс істеуінің құралдары мен шарттарының бірі-оқушыға берілген білім мазмұнының белсенді авторы ретінде мұғалімнің өзі. Қазіргі мұғалім-рухани жаңғыру жолындағы басты тұлға, өйткені ол негізгі азаматтық құзыреттерді қалыптастыруға және патриотизмге тәрбиелеуге ықпал етеді.

Түйінді сөздер: педагогикалық қызмет, мұғалімнің миссиясы, білім беру процесі, заманауи мұғалімдер.

Abstract

The peculiarity of pedagogical activity is that one of the means and conditions of its functioning is the personality of the teacher himself as an active author of the content of the knowledge transmitted to the student. A modern teacher is a key figure on the path of spiritual modernization, since it is he who contributes to the formation of basic civic competencies and the education of patriotism.

Key words: pedagogical activity, teacher's mission, educational process, modern teacher.

Учитель—это единственный человек, который большую часть своего времени отводит на обучение и воспитание детей, как никто другой. Профессия педагога – одна из древнейших, если бы он не занимался с детьми, наше общество прекратило бы свое развитие. На протяжении многих столетий учителя были почитаемыми людьми, их уважали, они являлись эталоном для подражания.